

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 28 желтоқсандағы N 1304 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 5 ақпандағы N 102 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 9 сәуірдегі N 494 Қаулысымен.

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 9 сәуірдегі N 494 Қаулысымен.*

Халыққа бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсетуді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының халқына бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсетуді жетілдіру шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 28 желтоқсандағы N 1304 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., N 50, 642-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-тармақта 4) тармақша алынып тасталсын; көрсетілген қаулымен бекітілген Денсаулық сақтау ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативінде:

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) емханалар (емхананың жалпы дәрігерлік практика бөлімшелері)";

2-тармақтағы "10000 (он мыңнан)" деген сөздер "30000 (отыз мыңнан)" деген сөздермен, 3-тармақтағы "10000-ға (он мың)" деген сөздер "30000 (отыз мың)" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Ө.Е. Шөкеевке жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*